

Кеден одағына мүше мемлекеттердің кеден органдары мен өзге де мемлекеттік органдары арасында ақпарат алмасуға қойылатын талаптар туралы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 19 мамырдағы № 437 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Кеден одағына мүше мемлекеттердің кеден органдары мен өзге де мемлекеттік органдары арасында ақпарат алмасуға қойылатын талаптар туралы келісімнің ж о б а с ы ма қ ұ л д а н с ы н .

2. Кеден одағына мүше мемлекеттердің кеден органдары мен өзге де мемлекеттік органдары арасында ақпарат алмасуға қойылатын талаптар туралы келісімге қол қ о й ы л с ы н .

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 0

ж ы л ғ ы

1 9

м а м ы р д а ғ ы

№

4 3 7

қ а у л ы с ы м е н

мақұлданған

Жоба

Кеден одағына мүше мемлекеттердің кеден органдары мен өзге де мемлекеттік органдары арасында ақпарат алмасуға қойылатын талаптар туралы келісім

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың шеңберінде кеден одағына мүше мемлекеттердің үкіметтері, 2009 жылғы 27 қарашадағы Кеден одағының Кеден кодексі туралы шартты негізге а л а от ы р ы п ,

кеден одағына мүше мемлекеттердің кеден органдары арасында, сондай-ақ кеден одағына мүше бір мемлекеттің кеден органдары және кеден одағына мүше басқа мемлекеттің өзге де мемлекеттік органдары арасында ақпарат алмасуды ұйымдастыру үшін нормативтік құқықтық базаны құру мақсатында, кеден одағына мүше мемлекеттердің экономикалық мүдделерін қорғауды, сыртқы

және өзара саудасының дамуын және кеден одағына мүше мемлекеттердің мемлекеттік органдарының мемлекеттік функцияларын орындауының тиімділігін арттыруды қ а м т а м а с ы з е т у ма қ с а т ы н д а , төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Кеден одағына мүше мемлекеттердің кеден органдары кеден одағының кеден заңнамасына және (немесе) кеден одағына мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес кеден органдары алған ақпаратпен алмасады.

Кеден одағына мүше бір мемлекеттің кеден органдары кеден одағының кеден заңнамасына және (немесе) кеден одағына мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес кеден органдары алған ақпаратты кеден одағына мүше басқа мемлекеттің өзге мемлекеттік органына кеден одағының кеден заңнамасына және осы Келісімге сәйкес кеден одағына мүше басқа мемлекеттің кеден органы арқылы ұсынады.

2-бап

Осы Келісімнің 1-бабында көрсетілген ақпарат кеден одағына мүше мемлекеттердің кеден органдары мен өзге де мемлекеттік органдарының ресми деректерінен қалыптастырылады және ақысыз негізде ұсынылады.

3-бап

Кеден одағына мүше мемлекеттердің кеден органдары арасында ақпарат алмасудың құрамы мен тәртібі кеден одағына мүше мемлекеттердің жасалған халықаралық келісімдермен және өзге де халықаралық нормативтік құқықтық актілерімен айқындалады.

4-бап

Кеден одағына мүше мемлекеттердің кеден органдары арасында кеден одағы шеңберінде құрылатын ақпараттық технологиялар мен жүйелерді пайдалана отырып ақпарат алмасу орталық кеден органдарының деңгейінде жүзеге асырылады.

Осы Келісімнің мақсаттары үшін мыналар орталық кеден органдары болып т а б ы л а д ы :

Беларусь Республикасынан - Беларусь Республикасының Мемлекеттік кеден к о м и т е т і ,

Қазақстан Республикасынан - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің К е д е н д і к б а қ ы л а у к о м и т е т і ,

Ресей Федерациясынан — Ресей Федерациясының Федералдық кеден қызметі.

5-бап

Осы Келісімнің 3-бабында көрсетілген және кеден одағына мүше мемлекеттер кеден органдарының ақпараттық технологиялар мен жүйелерді пайдалана отырып ақпарат алмасуын ұйымдастыруды көздейтін жасалған халықаралық келісімдердің және өзге де халықаралық нормативтік құқықтық актілердің талаптарын іске асыру мақсатында Техникалық шарттар және (немесе) Ақпараттық өзара іс-қимылдың технологиялары әзірленеді.

Техникалық шарттар ақпараттың құрылымы мен пішінін, сондай-ақ есептеу техникасы құралдарына, бағдарламалық құралдарға, телекоммуникация, байланыс құралдарына және ақпаратты қорғау құралдарына қойылатын талаптарды және ақпарат алмасуды ұйымдастыру үшін қажетті өзге техникалық талаптарды айқындауға тиіс.

6-бап

Кеден одағына мүше мемлекеттердің кеден органдары мен өзге де мемлекеттік органдары осы Келісімнің 1-бабында көрсетілген ақпаратты үшінші тарапқа бермеуге міндеттенеді.

Осы Келісімде үшінші тарап деп осы Келісімге сәйкес ақпарат алмасуға қатыспайтын тұлға түсініледі.

7-бап

Кеден одағына мүше мемлекеттердің кеден органдары мен өзге де мемлекеттік органдары :

берілетін ақпараттың дұрыстығын қамтамасыз етуге және қажет болған жағдайда оған жедел өзгерістер енгізуге; күтпеген жағдайлар туындаған жағдайда ақпарат берудің мүмкін еместігі туралы уақтылы ескертуге міндетті.

8-бап

Ақпарат беруді тоқтатуға ниет еткен кеден одағына мүше мемлекеттердің кеден органдары мен өзге де мемлекеттік органдары өзінің ниеті туралы жазбаша түрде және кемінде алты ай бұрын білдіруге тиіс.

9-бап

Тараптардың уағдаласуы бойынша осы Келісімге жекелеген хаттамалармен ресімделетін өзгерістер енгізілуі мүмкін.

10-бап

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруге және (немесе) қолдануға байланысты Тараптар арасындағы даулар консультациялар мен келіссөздер жүргізу жолымен шешіледі.

Егер Тараптар дауды Тараптардың бірі басқа Тараптарға консультациялар мен келіссөздер жүргізу туралы ресми жазбаша өтініш келіп түскен күнінен бастап алты ай ішінде реттемесе, онда Тараптар арасында дауды шешу тәсіліне қатысты өзге де уағдаласу болмаған жағдайда, Тараптардың кез келгені бұл дауды қарауға Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Сотына қарауға бере алады.

11-бап

Осы Келісімнің күшіне ену, оған қосылу және одан шығу тәртібі 2007 жылғы 6 қазандағы Кеден одағының шарттық-құқықтық базасын қалыптастыруға бағытталған халықаралық шарттардың күшіне ену, олардан шығу және оларға қосылу тәртібі туралы хаттамамен айқындалады.

2010 жылғы «___» _____ қаласында орыс тіліндегі бір түпнұсқа данада жасалды.

Осы Келісімнің түпнұсқа данасы осы Келісімнің депозитарийі болып табыла отырып, әрбір Тарапқа оның куәландырылған көшірмесін жіберетін Кеден одағының комиссиясында сақталады.

<i>Беларусь</i>	<i>Қазақстан</i>	<i>Ресей</i>
<i>Республикасының</i>	<i>Республикасының</i>	<i>Федерациясының</i>
<i>Үкіметі үшін</i>	<i>Үкіметі үшін</i>	<i>Үкіметі үшін</i>